



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 7 маусым

Біле тұра жалған ақпарат тарату туралы

Әлеуметтік желілерде, сондай-ақ WhatsApp және басқа мессенджерлер арқылы хабар жіберу жолымен депозиттердің әкелілуі, банктердің ақша беруден бас тартуы, банктердің бөлімшелерінде валютаның жетіспеуі туралы дәйексіз және арандатушылық ақпарат таратылуда.

Осыған байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі барлық банктерде қажетті валюта қорлары бар екендігін, Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары жоспарланған режимде банктерді қолма-қол ұлттық және шетел валютасымен қамтамасыз етіп жатқандығын хабарлайды. Депозиттік база тұрақты, банктердің клиенттеріне қызметтер толық көлемде көрсетілуде.

Қазақстан Ұлттық Банкі барлық фактілер бойынша біле тұра жалған ақпарат авторларын және таратушыларын анықтау мақсатында құқық қорғау органдарына жүгініп отыр.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7(727) 2788 121

www.nationalbank.kz